№ исх: КВГА-13/11864 от: 17.05.2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04
№

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

ЖК «Авто плюс»

Қазақстан Республикасы Қаржы министілігінң ішкі мемлекеттік аудит комитеті *(бұдан әрі - Комитет*) «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» электронды мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы өткізген № 3240996-1 «Автокөліктердің қосалқы бөлшектерін ауыстырып жөндеу және техникалық қызмет көрсету» хабарландыруы бойынша электрондық ашық конкурсы бойынша сіздің №40791 25.04.2019 жылғы шағымыңызға сәйкес төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының (*әрі қарай – Қағида*) 172 тармағында, «Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде конкурс нысанасы болып табылатын, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша **мол жұмыс тәжірибесі бар** конкурсқа қатысушы жеңімпаз (конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған конкурсқа қатысушы) деп танылады.

Шартты бағалары тең бірнеше әлеуетті өнім берушінің **жұмыс тәжірибесі тең болған кезде** конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрынырақ келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз (конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған конкурсқа қатысушы) деп танылады» делінген.

Яғни, осы конкурстарының қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, конкурстың жеңімпазы болып танылған «БЕКТЫБАЕВ ГАНИ ТУРСЫНОВИЧ» ЖК-нің конкурстық өтініміндегі мәліметтерінде көрсетілген қызметтердің тәжірибелері 8 жылды құрайтындығы анықталды.

Яғни, ұйымдастырушы мекеме «БЕКТЫБАЕВ ГАНИ ТУРСЫНОВИЧ» ЖШС-нің атқарған жұмыс тәжірибесін конкурстық комиссия дұрыс есептеген.

Сонмен қатар, Қағиданың 174-1 тармағында «Әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстар мен құрылыспен байланысты емес жұмыстарға конкурсқа қатысуға арналған өтінім бағасы конкурсқа бөлінген бағадан **қырық пайыздан аса** төмен болған жағдайда демпингтік болып тынылады».

17.05.2019 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Ал, Қағиданың 178-1 тармағына сәйкес «Осы Қағидалардың 174-176-тармақтарымен көзделген жағдайларда **демпингтік баға ұсынуға рұқсат етілмейді**» делінген.

Алайда, камералдық бақылау барсында әлуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға ұсынған өтінім бағасы конкурсқа бөлінген бағадан **қырық пайыздан аса** төмендігі анықталмады.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппады.

Айта кету керек, камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 ж. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылауды жүргізу ережесінің 19 - тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 47-бабының 6-тармағына және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, сіз оған, оның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануға құқылысыз.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары **Ш. Шайназарова**

17.05.2019 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Исп. Ажибеков О.
Тел. 71-78-73

Результаты согласования
17.05.2019 18:05:34: Шолатаев Д. Ж. (Управление - Центр рассмотрения жалоб) - - согласовано без замечаний

17.05.2019 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)